

KPMG  
COPY



**«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ**

2020 жылғы 31 желтоқсанда  
аяқталған жылға шоғырландырылған  
қаржылық есептілік

## Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	
Пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	6
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	8
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	9-10
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	11-70



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,  
пр. Достык, 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесіне

### **Пікір**

Біз 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы, шоғырландырылған меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұратын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (әрі қарай – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дұрыс көрсетеді.

### **Пікір білдіруге негіздеме**

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің (БХЭСК Кодексі) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (оның ішінде халықаралық тәуелсіздік стандарттарына) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### **Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық ХҚЕС –ға сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жағандық ұйымының қатысушысы.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников.



Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуы үшін және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы болжамның негізінде дайындалуы үшін жауапкершілікті алады, тек бұған басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттеніп отырған жағдайлар немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір іс жүзіне асатын баламасы болмаған жағдайлар жатпайды.

Корпоративтік басқарға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуына қадағалау жасау жауапкершілігін алады.

### ***Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатымен, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;



- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін мекемелердің қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі іскерлік әрекеттерге қатысты жеткілікті, тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топтық аудитті бағыттау, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Нәтижесінде тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырма жетекшісі:

  
Магомедова М.М.  
Қазақстан Республикасының  
Сертификатталған аудиторы  
2018 жылғы 24 мамырда берілген  
№ МФ-0000594 аудитордың біліктілік куәлігі



**«КПМГ Аудит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021

  
Дементьев С.А.  
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде  
әрекет ететін Бас директоры



2021 жылдың 1 наурыз


**«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ**  
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

Ескертпе	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге	
Тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	5	1,990,667	3,171,248
Өзгеруі кезеңдегі пайда немесе шығының құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза пайда	23	1,882,316	1,055,853
Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялардан түскен таза (шығыс)/кіріс	16	(1,030,473)	387,164
Өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен дивидендік кірістер	13	71,170	1,147,906
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда/(шығын)	9	3,291,023	(328,467)
Инвестициялық қаржы активтерімен жасалатын операциялардан болатын таза шығын		(458,455)	(577,367)
Басқа операциялық (шығыстар)/кірістер, нетто		(136,493)	109,165
<b>Операциялық кірістер</b>		<b>5,609,755</b>	<b>4,965,502</b>
борыштық қаржы активтеріне қатысты құнсызданудан болған шығындарды (қалыптастыру)/қалпына келтіру	10	(15,486)	920,164
Қызметкерлерге арналған шығыстар	6	(635,437)	(513,741)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	7	(687,405)	(983,223)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>4,271,427</b>	<b>4,388,702</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	8	(1,766,044)	(737,380)
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>2,505,383</b>	<b>3,651,322</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>			
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін тараулар:</i>			
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв:			
- табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі		183,383	707,399
- кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі		73,565	223,207
<b>Табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық кіріс</b>		<b>256,948</b>	<b>930,606</b>
<b>Бір жылдағы барлық жиынтық табыс</b>		<b>2,762,331</b>	<b>4,581,928</b>

6-беттен бастап 70-бетпен ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2021 жылғы 1 наурызда мақұлдады және оның атынан қол қойылды:

  
Гульнара Маканалина  
«Қазына Капитал Менеджмент»  
АҚ Басқармасы төрағасының  
орынбасары



  
Раухан Куттыбаева  
Бас бухгалтер

	Ескертпе	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	11	16,586,480	946,080
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	12	30,609,539	23,332,615
Әділ құн бойынша бағаланатын активтер, ондағы өзгерістер кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	13	139,001,229	133,573,705
- Бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестициялар		46,929,140	47,465,606
- Қауымдасқан кәсіпорындарға салынатын инвестициялар		31,164,044	33,476,165
- Басқа да қаржы активтері		60,908,045	52,631,934
Инвестициялық қаржы активтері	14	4,162,053	28,709,099
Кейінге қалдырылған салық активі	8	2,353,147	1,966,364
Ағымдағы салық активі		1,295,775	1,746,295
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер		26,672	33,353
Басқа активтер		30,582	46,485
<b>Активтер жиыны</b>		<b>194,065,477</b>	<b>190,353,996</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	40,150,736	40,150,736
Әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	16	12,145,034	10,298,284
Басқа да міндеттемелер		439,644	241,849
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>52,735,414</b>	<b>50,690,869</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	17	87,440,000	87,440,000
Инвестициялық қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		18,676	(238,272)
Бөлінбеген пайда		53,871,387	52,461,399
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>141,330,063</b>	<b>139,663,127</b>
<b>Міндеттемелер мен меншікті капитал жиыны</b>		<b>194,065,477</b>	<b>190,353,996</b>

	<b>2020 ж.</b> <b>мың теңге</b>	<b>2019 ж.</b> <b>мың теңге</b>
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН БОЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Пайыздық кірістер	1,847,812	3,040,124
Алынған дивидендтер	71,170	1,147,906
Қызметкерлерге төлеуге арналған шығыстар	(609,994)	(581,034)
Төленген басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар	(690,022)	(1,113,931)
<b>Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы</b>		
Әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	(3,545,208)	(25,593,574)
Инвестициялық қаржы активтерін сатып алу	-	(18,323,441)
Инвестициялық қаржы активтерін сату және өтеу	25,873,945	35,377,047
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	(7,483,779)	2,617,149
Басқа да міндеттемелер	22,874	-
<b>Операциялық міндеттемелерді ұлғайту</b>		
Әділ күн бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, ондағы өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі	816,278	816,278
<b>Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен (пайдаланылған) ақша қаражатының таза мөлшері</b>		
	<b>16,303,076</b>	<b>(2,613,476)</b>
Төленген табыс салығы	(1,702,308)	(2,728,410)
<b>Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза мөлшері</b>		
	<b>14,600,768</b>	<b>(5,341,886)</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Еншілес кәсіпорынның шоғырлануына байланысты түсімдер	-	263,418
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(999)	(15,536)
<b>Инвестициялық қызметтен (пайдаланылған)/түскен ақша қаражатының таза ағыны</b>		
	<b>(999)</b>	<b>247,882</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Төленген дивидендтер (17 (б) - ескертпе))	(1,095,395)	(1,102,490)
Облигациялар бойынша төленген сыйақылар	(4,015)	(3,413)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны</b>		
	<b>(1,099,410)</b>	<b>(1,105,903)</b>
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының нетто ұлғаюы/(азаюы)</b>		
	<b>13,500,359</b>	<b>(6,199,907)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	946,080	6,672,269
Ақша қаражатына және олардың баламаларына айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері	2,140,041	473,718
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары (11-ескертпе)</b>		
	<b>16,586,480</b>	<b>946,080</b>



мың тенге	Бағалы		
	Акциялар мен қаржы құралдарының құнының өзгеру резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	87,440,000	52,461,399	139,663,127
Жиынтық табыс жиыны	(238,272)		
Жыл ішіндегі пайда	-	2,505,383	2,505,383
Басқа да жиынтық кіріс	-		
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен болуы мүмкін тараулар:</i>			
- табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі	183,383	-	183,383
Пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	73,565	-	73,565
Басқа да жиынтық кіріс	256,948	-	256,948
<b>Бір жылдағы барлық жиынтық табыс</b>	<b>256,948</b>	<b>2,505,383</b>	<b>2,762,331</b>
Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар			
Жарияланған және төленген дивидендтер (17 (б) - ескертпе)	-	(1,095,395)	(1,095,395)
Меншік иелерімен операциялар жиыны	-	(1,095,395)	(1,095,395)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>87,440,000</b>	<b>53,871,387</b>	<b>141,330,063</b>

	Акциянерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
мың теңге				
<b>2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>87,440,000</b>	<b>(1,168,878)</b>	<b>49,912,567</b>	<b>136,183,689</b>
<b>Жиынтық табыс жиыны</b>				
Жыл ішіндегі пайда	-	-	3,651,322	3,651,322
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>				
<i>Пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен болуы мүмкін тараулар:</i>				
- табыс салығын шегергендегі әділ құнның таза өзгеруі	-	707,399	-	707,399
Пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі	-	223,207	-	223,207
Басқа да жиынтық кіріс	-	930,606	-	930,606
<b>Бір жылдағы барлық жиынтық табыс</b>	<b>-</b>	<b>930,606</b>	<b>3,651,322</b>	<b>4,581,928</b>
<b>Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жүргізілген операциялар</b>				
Жарияланған және төленген дивидендтер (17 (б) - ескертпе)	-	-	(1,102,490)	(1,102,490)
<b>Меншік иелерімен операциялар жиыны</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(1,102,490)</b>	<b>(1,102,490)</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>87,440,000</b>	<b>(238,272)</b>	<b>52,461,399</b>	<b>139,663,127</b>

## 1 Есеп беруші кәсіпорын

### (а) Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі - бірлесіп «Топ» деп аталады) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылғы 7 наурызда акционерлік қоғам ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі құрды. Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттің №516 қаулысына және Қаржы министрлігінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №630 бұйрығына сәйкес барлық акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-дан «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға берілді. Топтың түпкілікті негізгі акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Топтың негізгі қызметі инвестициялық қорларды құру және оларға қатысу және қаржылық құралдарды инвестициялау болып табылады.

Компания Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимараты мекенжайында тіркелген.

Негізгі еншілес кәсіпорындары:

Атауы	Мекеме елі	Негізгі қызметі	Иелену үлесі, %	
			2020 жыл	2019 жыл
«Baiterek Venture Fund» АҚ	Қазақстан	Жеке капиталды тарта отырып, жобаларға инвестициялар салу	100.00	100.00
«BV Management» ЖШС**	Қазақстан	Инвестициялық портфельді басқару	100.00	100.00
Kazyna Seriktes B.V. ***	Нидерланды	Қорларға инвестициялар	100.00	100.00
KCM Sustainable Development Fund C. V. (Kazyna Seriktes B. V. еншілес кәсіпорны) ****	Нидерланды	Қорларға инвестициялар	100.00	100.00

\* «Baiterek Venture Fund» АҚ Топтың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 23 наурыздағы шешімімен құрылды.

\*\* 2018 жылғы қарашада «Baiterek Venture Fund» АҚ еншілес компаниясынан «BV Management» ЖШС-ның 100% үлесі сатып алынды.

\*\*\*2018 жылдың маусым айында тікелей инвестициялар қорлары мен MRIF CASP C. V. және Kazyna Investment Holding Cooperatief U. A. шетелдік еншілес компанияларын қайта құрылымдау жүргізілді. Топтың активтерін Нидерланды аумағында тіркелген Топтың 100% еншілес ұйымы болып табылатын (SPV) Kazyna Seriktes B. V. арнайы мақсаттағы компанияға беру бойынша қажетті іс-шаралар жүргізілді. 10 ТИҚ активтері берілді (Falah Growth Fund L. P., Ресей-Қазақстан нанотехнологиялар қоры, Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund L. P., Kazakhstan Infrastructure Fund C. V., ADM Kazakhstan Capital Restructuring Fund C. V., Kazakhstan Growth Fund L. P., DBK Equity Fund C. V., Wolfensohn Capital Partners L. P., CITIC Kazyna Investment Fund I L. P. және Islamic Infrastructure Fund L. P.). Топтың салық жүктемесін оңтайландыру мақсатында инвестицияларды қайта құрылымдау жүргізілді.

\*\*\*\* 2019 жылғы 12 сәуірде KCM Sustainable Development Fund C. V. (топтың еншілес кәсіпорны) тікелей инвестициялар қорын құру туралы келісімге қол қойылды. Kazyna Seriktes B. V. 99.9% иелену үлесі бар лимиттелген әріптес болып табылады, ал «BV Management» ЖШС 0.1% иелену үлесі бар бас әріптес болып табылады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 10 ҚЕХС (IFRS) сәйкес Top Kazakhstan Infrastructure Fund C. V., 95% иелену үлесімен еншілес кәсіпорын болып табылмайды, өйткені Top Kazakhstan Infrastructure Fund C. V. бақыламайтынын анықтады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Kazakhstan Infrastructure Fund C. V. сондай-ақ 95% иелену үлесімен Топтың еншілес кәсіпорны болған жоқ.

2019 жылы топ жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламасын іске қосты, оның шеңберінде жылдық номиналды 8% - ға дейінгі пайыздық мөлшерлемен және өтеу мерзімі 10 жылға дейін қарыздар беру жүзеге асырылады. Жаңа бекітілген бағдарламаға байланысты Топ инвестициялық саясатқа өзгерістер енгізді, соған сәйкес Топ экономиканың басым секторларын дамытуға ықпал ететін жобаларға инвестиция салады. Осылайша, 10 ХҚЕС (IFRS) сәйкес Топ инвестициялық кәсіпорынның анықтамасына сәйкес келуді тоқтатты. Осы оқиғаға байланысты, 2019 жылғы 4-тоқсаннан бастап Топ бұрын өзінің инвестициялық кәсіпорын мәртебесін жоғалтқанға дейінгі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынған еншілес кәсіпорындарды шоғырландырады.

**(б) Қазақстан мен ТМД-да қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары**

Топтың қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Топтың бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда, олардың қоятын талаптарының түсінігінде күрделі тәуекел бар, сонымен қатар, олар өзгерулерге бейім, бұл басқа заңды және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады.

2020 жылдың алғашқы айларында коронавирустың өршуіне байланысты әлемдік нарықта айтарлықтай тұрақсыздық байқалды. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа коронавирустық инфекцияның таралуы пандемия сипатына ие болды деп жариялады. Халықтың денсаулығына қауіп төндіретін COVID-19 вирусына жауап ретінде, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 12 мамырға дейінгі кезеңге төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылданды. Төтенше жағдай кезеңінде жергілікті билік біртіндеп әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз ету үшін, соның ішінде мектептер, жоғары оқу орындары, мейрамханалар, кинотеатрлар, театрлар, мұражайлар, спорт нысандары жұмыстарын тоқтата отырып қосымша шаралар енгізді.

Көптеген елдерде енгізілген іскерлік белсенділіктің және өзін-өзі оқшаулау режимінің бұзылуына байланысты мұнайға әлемдік сұраныс күрт төмендеді, бұл шамадан тыс ұсыныспен мұнай бағасының күрт төмендеуіне әкелді. 2020 жылғы 12 сәуірде ірі әлемдік мұнай өндірушілер, оның ішінде Қазақстанды қоса алғанда, мұнай нарығын тұрақтандыру үшін шикі мұнай өндіруді рекордтық қысқарту туралы уағдаласты, бірақ бұл соған қарамастан мұнай бағасына қысымның төмендеуіне әкелмеді. Мұнай өндіру бағасының және көлемінің күрт төмендеуі мұнай компанияларының кірістерінің төмендеуіне және мемлекеттік бюджетке аударымдардың төмендеуіне әкеледі, бұл, шамасы, елеулі экономикалық және әлеуметтік салдарға әкелуі мүмкін және мемлекеттік сектор шығыстарының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қызметтің үздіксіздігін қолдау үшін Топ қашықтықтан қолжетімділікті пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруды жалғастырады және жұмыс орнына келіп жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығын қорғау үшін іс шаралар ұйымдастырады, оның ішінде жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді, қашықтық режимін сақтайды, Топтың орынжайларын дезинфекциялайды.

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік басшылықтың Топтағы қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қазіргі жағдайларының Топтың жұмыс нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсер етуін бағалауды көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының әрі қарай дамуы басшылықты бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## **2 Есеп негіздері**

### **(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш**

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

### **(б) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы**

Функционалды валюта-бұл экономикалық орта валютасы, оның негізінде Топ өз қызметін жүзеге асырады. Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалды валютасы теңге болып табылады. Егер негізгі экономикалық ортаның көрсеткіштері аралас болса, басшылық функционалды валютаны анықтау үшін Топ жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін жағдайлар мен оқиғаларды дәл көрсететін өзінің кәсіби пікірлерін қолданады. Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының инвестициялары мен операцияларының едәуір бөлігі теңгемен көрсетілген.

Инвесторлардың акцияларды сатып алуы және қайта сатып алуы үшін төлем теңгемен жүзеге асырылады. Тиісінше, басшылық Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалды валютасы теңге болып табылатынын айқындады. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

### **(в) Бағалау мен пайымдауды қолдану**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың есеп саясатын қолдануға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жол берулерді және есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан қателер тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қолданылатын кейінгі кезеңдерде дұрыс деп қабылданады.

#### **Пайымдау**

Есеп саясатын қолдану кезінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде дұрыс деп қабылданған мөлшеріне едәуір әсер ететін пайымдаулар келесі ескертпелерде көрсетілген:

- Топтың функционалды валютасын анықтау - 2(б)-ескертпе;
- қаржы активтерін жіктеу: бизнес-модельді бағалау, оның шеңберінде қаржы активтері ұсталады және қаржылық активтің шарттық талаптары негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына пайыздарды ғана төлеуді көздейтінін бағалау – 3(д)(і)-ескертпе;
- 2019 жылы инвестициялық кәсіпорын мәртебесін жоғалту-1(а) - ескертпе;
- еншілес кәсіпорындарды шоғырландыру периметрі-1(а), 13-ескертпе;
- 28 ХҚЕС (IAS) сәйкес венчурлік инвестицияларға маманданған ұйымның мәртебесі 3 (а) (iii), 13-ескертпе

#### **Бағалаудың олқылықтары мен тұрлаусыздығы**

Тұрлаусыздықпен байланысты қателер мен бағалаулар туралы ақпарат, оларға қатысты елеулі тәуекел бар, олар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі деректерге елеулі түзету енгізуге себеп болуы мүмкін, келесі ескертпелерде көрсетілген:

- әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құнын айқындау, ондағы өзгерістер кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі - 13, 24 - ескертпе.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері**

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге есеп саясатының келесі ережелерін бірізді қолданды.

#### **(a) Шоғырландыру принциптері**

##### **(i) *Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелер***

Бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелер сатып алу күніндегі жағдай бойынша, атап айтқанда, бақылаудың Топқа өту күніндегі сатып алу әдісімен есепке алынады.

Топ гудвилді сатып алу күніне келесі түрде бағалайды:

- берілген өтеудің әділ құны; плюс
- сатып алынатын кәсіпорындағы бақыланбайтын деп танылған үлестің сомасы; плюс
- егер бизнесті біріктіру жөніндегі мәміле кезең-кезеңімен жүзеге асырылса, сатып алынған кәсіпорынның меншікті капиталындағы бұрыннан бар үлестің әділ құны; минус
- қабылданған міндеттемелерді шегергендегі сәйкестендірілген сатып алынған активтердің дұрыс деп қабылданған сомаларының нетто-шамасы (әдетте, әділ құны).

Егер бұл айырмашылық теріс мәнмен көрсетілсе, онда кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында тиімді сатып алудан түскен табыс бірден дұрыс деп қабылданады.

Берілген өтем құрамына бұрын болған қатынастарды реттеуге қатысты сомалар енгізілмейді. Мұндай сомалар жалпы жағдайда кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында қабылданады.

Бизнесті біріктіру жөніндегі операциялар нәтижесінде топ шеккен мәмілелер бойынша шығындар борыштық немесе үлестік бағалы қағаздарды шығаруға байланысты шығындардан айырмашылығы олардың туындауына қарай шығыстарға жатқызылады.

##### **(ii) *Еншілес кәсіпорындар***

Еншілес кәсіпорындар бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар болып табылады. Топ еншілес кәсіпорынды Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелдерге бейім болған жағдайда немесе мұндай кірісті алуға құқығы және осы табыстың мөлшеріне әсер ету үшін осы кәсіпорынға қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда бақылайды. Еншілес кәсіпорындардың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің көрсеткіштері бақылауды алған күннен бастап оны тоқтатқан күнге дейін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамында көрсетіледі.

Топтың шоғырландыруға кіретін еншілес кәсіпорындары өз қызметінде әр түрлі портфельдік компанияларға инвестиция салатын және инвестициялау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайтын кәсіпорын ретінде жүзеге асырады.

Топ портфельдік компанияларға жеке компаниялардың биржада бағаланатын және бағаланбайтын үлестік қаржы құралдарын сатып алу немесе осы компанияларға борыштық қаржыландыруды ұсыну арқылы инвестициялайды. Портфельдік компаниялар Топ ұстап отырған борыштық құралдар бойынша ақшалай сыйақы төлей алады немесе сыйақыны ақшалай емес нысанда есептей алады немесе тиісті келісімдердің талаптарына сәйкес борыштық міндеттемелерді өтей алады.

Ақшалай дивидендтер портфельдік компаниялардың операциялық қызметінің нәтижелері негізінде төленуі мүмкін және дивидендтерді төлеу туралы шешім кейіннен топқа төленетін тиісті портфельдік Компанияның Директорлар кеңесінің жеке қарауы бойынша қабылданады.

Кәсіпорын инвестициялық кәсіпорын ретінде біліктілігін тоқтатқан кезде, мәртебесі өзгерген күні (шартты сатып алу күні) бұрын шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құн бойынша бағаланған барлық еншілес кәсіпорындарды көрсету үшін 3 ХҚЕС (IFRS) қолдануы керек. Мәртебесі өзгерген күні айқындалған мұндай еншілес кәсіпорынның әділ құны тиісті инвестициялар объектісіне бақылау жасауды сатып алғаны үшін берілген шартты өтем ретінде қаралады.

**(iii) Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесі**

Қауымдастырылған кәсіпорындар дегеніміз қаржы және шаруашылық саясатына оп айтарлықтай әсер етеді, бірақ Топ бақыламайтын кәсіпорындар. Егер Топ басқа кәсіпорында дауыс беру құқығының 20% - дан 50% - на дейін иелік етсе, айтарлықтай әсер ету орын алады деп саналады.

Топтың бірлескен бақылауы бар келісім объектілері бірлескен кәсіпорындар болып табылады, бұл ретте топ осы объектілердің таза активтеріне құқықтарға ие болады. Топтың бірлескен кәсіпорындардың активтеріне құқығы жоқ және олардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі жоқ.

Топ венчурлік инвестицияларға мамандандырылған ұйым болып табылатын тікелей кәсіпорын (немесе ол арқылы жанама түрде) ұстап қалатын, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін қолданбауға мүмкіндік беретін, 28 ХҚЕС (IAS) ұсынатын босатуды қолданады, Мұндай кәсіпорындар ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар үшін өздерінде бар инвестицияларды есепке алуға құқылы

Топ венчурлік инвестицияларға мамандандырылған ұйымның мәртебесіне сәйкес келеді деп санайды, өйткені топ келесі өлшемдерге сәйкес келеді:

- Топ қызметінің негізгі түрі қаражатты ағымдағы кіріс, капитал құнының өсімінен пайда алу мақсатында инвестициялау болып табылады;
- Топтың инвестициялық қызметін оның қызметінің кез-келген басқа түрлерінен нақты және объективті түрде ажыратуға болады;
- Инвестициялардың объектілері инвестордан тәуелсіз (дербес) әрекет ететін дербес бизнес-білім беру болып табылады.

Осылайша, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардағы үлестер «қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» 28 ХҚЕС (IAS) көлемінен алып тастауға сәйкес өзгерістер кезең ішінде пайда немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын құралдар ретінде ескеріледі.

**(iv) Шоғырландыру кезінде алып тасталатын (жойылатын) операциялар**

Топтағы қалдықтар мен операциялар, сондай-ақ Топтағы операциялардан болған іске асырылмаған кірістер мен шығыстар элиминирленеді. Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестиция объектілерімен жасалған операциялар бойынша іске асырылмаған пайда, тиісті инвестициялар объектісінде Топтың қатысу үлесі шегінде инвестициялар құнын азайту есебінен элиминирленеді. Іске асырылмаған шығындар, бірақ тек қана олар құнсыздандудың куәлігі болмай тұрып, іске асырылмаған пайда сияқты жойылады.

**(б) Шетел валютасы**

Шетел валютасындағы операциялар Топтың құрамына кіретін кәсіпорынның функционалды валютасына сәйкес операция жасалған күнгі қолданыстағы валюта бағамы бойынша аударылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады. Монетарлық активтермен және шетел валютасында көрсетілген міндеттемелермен жасалатын операциялардан түскен пайда немесе шығын кезең ішіндегі пайыздар мен төлемдердің тиімді мөлшерлемесі бойынша есептелген шамаға түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн мен есепті кезең соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді.

Әділ құны бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған валюталық бағамдар бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген және нақты заладар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар, айырма құнсыздану салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, үлестік қаржы құралдарын аудару кезінде туындайтын айырмаларды қоспағанда, пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі, бұл жағдайда өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталады.

**(в) Ақша қаражаты және оның баламалары**

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына қолма-қол банкноттар мен монеталар, банктердегі бос қалдықтар («Ностро» үлгісіндегі шоттар), сондай-ақ әділ құн өзгеруінің елеулі тәуекеліне ұшырамаған және Топ қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аз жоғары өтімді қаржы активтері кіреді. Ақша қаражаты мен оның баламалары амортизацияланған құны бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

**(г) Пайыздық кірістер**

**Тиімді пайыздық мөлшерлеме**

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл қаржылық активтің жалпы баланстық құны немесе қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына дейін күтіліп отырған әрекет ету мерзімі ішінде болашақ есептік төлемдерді немесе түсімдерді дисконттайтын мөлшерлеме.

Кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Топ осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік шығындырды ескермей, алдағы уақыттаға ақша қаражатының ағындарын бағалайды. Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік шығындырды қоса алғанда, алдағы уақытта күтілетін ақша қаражатының ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындырды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәміле бойынша шығындыр қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.



### ***Амортизацияланған құны және жалпы баланстық құны***

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома, борышты негізгі сомасының есебіне төлемдерді минус, аталған бастапқы сома мен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кезде төленетін сома арасындағы және шығындарға арналған бағалау резервін ескере отырып түзетілген қаржы активтеріне қатысты айырма жинақталған амортизациясының шамасы.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын «Қаржы активінің жалпы баланстық құны» - бұл шығындар бойынша бағалау резервінің шамасына түзетілгенге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

### ***Пайыздық кіріс есебі***

Қаржы активі бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын кезде) шамасына қолданылады.

Алайда бастапқы танудан кейін кредиттік-құнсыздануға айналған қаржы активтері пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражаты ағындарын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Егер қаржы актив бұдан былай кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, онда пайыздық кірісті есептеу жалпы баланстық құн негізінде қайтадан жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржы активінің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кірісті есептеу, тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайтылса да, жалпы баланстық құн негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржылық активтер кредиттік-құнсызданған болып табылатыны туралы ақпарат 3(д)(iv) - ескертпеде берілген.

### ***Ақпарат ұсыну***

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған пайыздық кірістерге тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер, сондай-ақ өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер жатады.

#### **(д) Қаржы активтері және қаржылық міндеттемелер**

##### ***(i) Қаржы құралдарын жіктеу***

Бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын немесе амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі.

Қаржы активі амортизацияланған құны бойынша, егер ол төмендегі екі шарттарға жауап берсе және Топтың қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана бағаланады:

- актив шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген проценттерді төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағынының белгіленген мерзімде пайда болуы көзделген.

Борыштық құрал өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, егер ол төменде көрсетілген шарттарға да жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталса, оның мақсаты шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу арқылы, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген проценттерді төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағынының белгіленген мерзімде пайда болуы көзделген.

Өзге жиынтық кіріс, пайда және шығындар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша өзге жиынтық кіріс құрамында танылады, пайда немесе шығын құрамында амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты танылатын келесі баптарды қоспағанда:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер;
- күтілетін кредиттік шығындар және құнсызданудан болған шығындардың қалпына келтірілген сомасы; және
- валюта бағамдарының өзгеруінен пайда немесе шығындар.

Өзге жиынтық кіріс, жинақталған пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активін тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған меншікті капитал құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

Барлық басқа қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бұдан басқа, бастапқы тану кезінде Топ өз қалауы бойынша, кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз, амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін критерийлерге жауап беретін қаржылық активті, егер бұл басқаша туындайтын есептік сәйкессіздікті жоюға немесе елеулі дәрежеде азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жіктей алады.

### **Бизнес-модельді бағалау**

Топ қаржы құралдары портфельінің деңгейінде актив ұстап тұратын бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқару тәсілін және ақпарат басшылыққа қалай ұсынылғанын жақсы көрсетеді. Топ келесі ақпаратты талдайды.

- Басқару үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды іс жүзінде іске асыру. Атап айтқанда, Басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша қаражаты ағынын сатуға бағдарлана ма?
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Топ басшылығына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтері) және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша алынған ақша қаражатының ағынына байланысты ма?);

- Өткен кезендерде сатудың жиілігі, көлемі және туындау мерзімдері, осындай сатудың себептері, сондай-ақ болашақ сату деңгейіне қатысты күту. Алайда сату деңгейі туралы ақпарат оқшауланған емес, компания мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізетінін және ақша ағындарының қалай іске асырылып жатқанын бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қарастырылады.

Сауда үшін ұсталатын немесе басқаруы жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құн негізінде бағаланатын қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады, өйткені олар шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу мақсатында де, шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату мақсатында де ұсталмайды.

**Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау**

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы тану кезінде қаржылық активтің әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығындар), сондай-ақ пайда маржасы үшін өтем ретінде айқындалады.

Шартта көзделген ақша қаражатының ағымдары негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың тек қана төлемдері болып табылатындығын («SPPI критерийі») бағалау кезінде Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Бұл яғни шарт жағдайларына қаржы активі бойынша қандай да бір шарт, ол өзгерту мерзімін немесе ақша қаражаты ағындарының сомасын келісім-шарт бойынша өзгерте алады, бұл қаржы активі талданатын қанағаттандырылмаған талапты бағалауды қамтиды.

Бағалауды жүргізу кезінде Топ келесілерді назарға алады

- тұтқа (левередж)әсері бар шарттар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- Топтың талаптарын келісілген активтерден ақша ағынымен шектейтін шарттар (мысалы, регресс құқығынсыз қаржы активтері); және
- ақшаның уақытша құны үшін өтемнің өзгеруіне әкелетін шарттар-мысалы, мерзімдік негізде пайыздық пайыздарды қайта қарау.

*«регресс құқығынсыз» қаржы активтері*

Кейбір жағдайларда қаржы активтері Топтың талабын белгілі бір активтерден ақша қаражаты ағындарымен шектейді (қаржылық активтер «регресс құқығынсыз»). Топ пайымдауды қаржы активтерінің «регресс құқығынсыз» SPPI критерийіне сәйкестігін бағалау кезінде қолданады. Мұндай пайымдауды қалыптастыру кезінде Топ әдетте келесі ақпаратты талдайды:

- тиісті шартта кредит бойынша ақшалай төлемдердің нақты сомалары мен мерзімдері көзделе ме;
- кепілмен қамтамасыз етілген қаржы активінің сомасына қатысты кепілмен қамтамасыз етудің әділ құны;
- борышкердің кепілмен қамтамасыз ету құнының төмендеуіне қарамастан, шартта көзделген төлемдерді жүзеге асыруды жалғастыру мүмкіндігі немесе ниеті;
- борышкер жеке тұлға немесе операциялық қызметті шынымен жүргізетін ұйым немесе арнайы мақсаттағы ұйым бола ма;
- кепілмен қамтамасыз ету борышкердің барлық активтерін немесе олардың елеулі бөлігін қандай шамада білдіреді; және
- Топ базалық актив (активтер) құнының өсуінен пайда ала ма.

### **Қайта жіктеу**

Бастапқы танудан кейін қаржы активтерін жіктеу Топтың қаржы активтерін басқару бойынша өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңнен басқа өзгермейді.

#### **(ii) Тануды тоқтату**

##### **Қаржы активтері**

Топ қаржы активінің танылуын осы активтен ақша қаражатының ағындарына шартта көзделген құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе ол мәміле нәтижесінде осы активтен ақша қаражатының ағындарын алу құқығын берген кезде тоқтатады, басқа тарапқа осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде беріледі немесе Топ осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермейді және осы қаржы активіне бақылау жасауды сақтамайды.

Қаржы активін тану тоқтатылған кезде активтің баланстық құны (немесе танылуы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен алынған өтем сомасы (i) (өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегергендегі алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (ii) басқа да жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе шығын арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Топ өзінде сақтайтын және қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде беретін және берілген активке бақылауды сақтайтын мәмілелерде ол активті берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне Топтың ұшырау дәрежесі ретінде айқындалатын, активке жалғасатын қатысуды сақтаған дәрежеде тануды жалғастырады.

##### **Қаржылық міндеттемелер**

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Топ осындай модификацияланған актив бойынша ақша қаражатының ағынының айтарлықтай ерекшеленетінін бағалайды.

#### **(iii) Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің талаптарын модификациялау**

##### **Қаржы активтері**

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Топ осындай модификацияланған актив бойынша ақша қаражатының ағынының айтарлықтай ерекшеленетінін бағалайды. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болса («шарттардың едәуір модификациясы»), онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі әділ құны бойынша есепте танылады және мәміле бойынша тиісті шығындар қосылады.

Қолданыстағы қаржы активтері немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар Шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, талаптардың модификациясы болып саналмайды.

Шарт жасалған кезде Компания Шарттың тұтастай немесе оның жекелеген компоненттерінің жалдау шарты болып табылатындығын бағалайды.

Егер осы Шарт бойынша белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сәйкестендірілген активтің орнын толтыруға айырбастауға пайдаланылуын бақылау құқығы берілсе, Шарт Жалдау шарты болып табылады немесе Жалдау компоненті бола алады.

### **Компания жалға алушы ретінде**

Жалға алу құрауышы бар шарттың қолданылуы немесе модификациясы басталған кезде, Компания шартта көзделген өтемді жалдаудың әрбір компонентіне оның оқшауланған мәміленің салыстырмалы бағасы негізінде бөледі

Компания пайдалану құқығы нысанында активті және жалдау басталған күнгі жалдау бойынша міндеттемені мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жасалған жалдау төлемдерінің шамасына түзете отырып, келтірілген бастапқы тікелей шығындарға ұлғайтылған жалдау жөніндегі міндеттеменің бастапқы шамасын құрайтын бастапқы құны бойынша және жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, базалық активті бөлшектеу және орнын ауыстыру, базалық активті немесе ол орналасқан учаскені қалпына келтіру кезінде туындаған шығындардың бағалау шамасы бойынша бағаланады.

Кейіннен пайдалану құқығы нысанындағы актив жалдау басталған күннен бастап және жалдау мерзімі аяқталғанға дейін желілік әдіспен амортизацияланады. Бұған қосымша пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны ол болған кезде құнсызданудан болатын шығындардың шамасына кезең-кезеңімен төмендетіледі, сондай-ақ жалдау бойынша міндеттемеге белгілі бір қайта бағалау жүргізу кезінде түзетіледі.

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартындағы белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып немесе мұндай мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компанияның тартқан қосымша қарыз қаражат мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау басталған күні төленбеген, дисконтталған төлемдерінің ұсынылған құны бойынша бағаланады. Әдетте, Компанияның тартқан қосымша қарыз қаражат мөлшерлемесі дисконттау мөлшерлемесі ретінде пайдаланады

Жалдау жөніндегі міндеттеме кейінгі есепке алу кезінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Егер алдағы жалдау төлемдері өзгерсе, ол қайта бағаланады.

Компания төмен құнды активтерді жалдау шарттарына және қысқа мерзімді жалдау шарттарына қолданылатын жалдау бойынша пайдалану құқығы және міндеттеме нысанындағы активтерді танымауға шешім қабылдады. Компания осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде желілік әдістегі шығыс ретінде таниды.

### **(o) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер**

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға өзгерістер мен түсіндірулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін басталып, жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Компания осы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарды мерзімінен бұрын қолданған жоқ

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Базалық пайыздық мөлшерлеменің реформасы-2-фаза (9 ХҚЕС (IFRS), 39 ХҚЕС (IAS), (IFRS), 4ХҚЕС (IFRS) және 16ХҚЕС (IFRS) түзетулер.
- COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер (16 ХҚЕС (IFRS) түзету).
- Негізгі құралдар: мақсатты пайдаланғанға дейінгі түсімдер (16 ХҚЕС (IAS) түзетулер) «Негізгі құралдар»).
- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер (3 ХҚЕС (IFRS) түзетулер).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (1 ХҚЕС (IAS) түзетулер).
- ХҚЕС 17 (IFRS) «Сақтандыру шарттары».

## **4 Қаржылық тәуекелдерді талдау**

Осы ескертпеде Компанияның қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпарат берілген. Компания қолданатын, қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты туралы ақпарат 17-ескертпеде берілген.

### **Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік шығындар сомасы**

#### **Құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректер, жорамалдар және әдістер**

Есеп саясатының сипаттамасын 3(д)(iv)- ескертпеде қараңыз.

#### ***Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы***

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай артуы орын алған - болмағанын бағалау кезінде Компания орынды және шамадан тыс шығынсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты қарайды. Бағалау сандық және сапалы ақпаратты, сондай-ақ Топтың тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапа мен болжамды ақпаратты сараптамалық бағалауға негізделген талдауды қамтиды

Бағалау мақсаты салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алған-болмағанын анықтау болып табылады:

- есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде осы уақыт сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы (егер орынды болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулердің өзгеруін ескере отырып түзетілген).

Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияға дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын түрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредиттік сапаға қатысты сараптамалық пікір қолдану арқылы кредиттік тәуекелдің тиісті рейтингін береді. Кредиттік тәуекелдің рейтингтері дефолттың басталу тәуекелінің индикаторы болып табылатын сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып айқындалады. Бұл факторлар қарыз алушының кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициясы мен түріне байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолттың басталу тәуекелі кредиттік тәуекелдің нашарлау шамасына қарай, мысалы, кредиттік тәуекелдің 1 және 2 рейтингтерінің арасындағы айырмашылық кредиттік тәуекелдің, кредиттік тәуекелдің 2 және 3 рейтингтерімен экспонент бойынша өсетіндігімен анықталады және калибрленеді

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпарат негізінде бастапқы тану күніне кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тұрақты мониторингке жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингінен өзгеше рейтинг позициясын беруге әкелуі мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректерді талдауды көздейді:

- Қарыз алушылар туралы ақпаратты мерзімдік негізде талдау нәтижесінде алынған ақпарат – мысалы, аудиттелген қаржылық есептілік, басқарушылық есептілік, бюджеттер, болжамдар мен жоспарлар.
- Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөздегі жарияланымдар, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгерістері туралы ақпарат.
- Мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпарат.
- Қарыз алушының қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасындағы нақты және күтілетін елеулі өзгерістер.



*Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру*

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру кезіндегі бастапқы деректер болып табылады. Компания өнім мен қарыз алушының түріне, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды.

*Кредиттік тәуекелдің едәуір артуының бар-жоғын анықтау*

Кредиттік тәуекелдің едәуір артуын айқындау өлшемшарттары портфельге байланысты әр түрлі және дефолт ықтималдығы көрсеткіші мәндерінің сандық өзгерістерін де, сапалық факторларды да, оның ішінде мерзімі өткен мерзімі бойынша «шектеуші» белгіні де қамтиды.

Егер Компания эмитенттің кредиттік рейтингі бастапқы танылған сәттен бастап 2 тармаққа және одан да көп төмендегенін анықтаса, Топ кредиттік тәуекелге ұшыраған нақты позиция бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп есептейді.

Кредиттік сапаны сараптамалық бағалау негізінде және мүмкін болған жағдайда, тиісті тарихи тәжірибенің негізінде, егер бұған кредиттік тәуекелді елеулі арттырудың индикаторы болып табылатын белгілі бір сапалық көрсеткіштерді көрсетсе, оның тиімділігі сандық талдау шеңберінде толық көлемде анықталуы мүмкін емес, қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғаны туралы қорытынды жасай алады.

Қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің алғашқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай артқанын куәландыратын «шектеуші» белгісі ретінде Компания осы актив бойынша мерзімі 30 күннен астам уақыт өткендігін есептейді. Мерзімі өткен берешек күндерінің саны толық сомада төлем алынбаған жағдай бойынша ең ерте күннен бастап күндер санын есептеу арқылы анықталады.

*«Дефолт» ұғымын анықтау*

Қаржылық активті компания мынадай жағдайларда дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызады:

- борышкердің Компания алдындағы кредиттік міндеттемелері Компанияның кепілзаттық қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған кезде) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтелуі екіталай; немесе
- борышкердің Компания алдындағы кез келген елеулі кредиттік міндеттемелері бойынша берешегі 90 күннен астам мерзімге кешіктірілсе. Овердрафттар клиент көзделген лимитті бұзған немесе оған лимит ағымдағы өтелмеген берешек сомасынан аз сомаға дейін төмендетілген кезден бастап мерзімі өткен берешек болып саналады; немесе
- қарыз алушының банкроттығы нәтижесінде оның кредит бойынша өз міндеттемелерін төлей алмауына байланысты актив қайта құрылымдалуы мүмкін.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Компания келесі факторларды ескереді:

- сапалық – мысалы, шарттың шектеулі талаптарын бұзу («ковенанттар»);
- сандық – мысалы, мерзімі өткен берешектің жағдайы және бір эмитентінің Компания алдындағы басқа міндеттемесін төлемеу; сондай-ақ
- жеке және сыртқы көздерден алынған басқа ақпарат.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының туындауын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

*Болжамды ақпаратты қосу*

Компания болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелді елеулі арттыру мәніне бағалауға да, сол сияқты күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға да жатқызады. Компания болжамды ақпаратты бағалау үшін сараптамалық пікірді қолданады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделген. Сыртқы ақпарат Компания Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сияқты өз қызметін жүзеге асыратын елдерде мемлекеттік органдар мен Ақша-несиелік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды, сондай-ақ жекелеген жеке және ғылыми болжамдарды. Кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындарды бағалауға әсер ететін негізгі фактор ретінде ЖІӨ болжамы анықталды.

*Модификацияланған қаржылық активтер*

Кредит бойынша шартта көзделген талаптар нарықтық жағдайлардың өзгеруін, клиенттерді ұстап қалуды және қарыз алушының кредит қабілетінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына байланысты емес басқа да факторларды қоса алғанда, бірқатар себептер бойынша модификациялануы мүмкін Талаптары модификацияланған қолданыстағы кредитті есепке алуда тану 3(д)(III) - ескертпеде сипатталған есепке алу саясатына сәйкес әділ құны бойынша модификацияланған шарттары бар жаңа кредитті есепте тану тоқтатылуы және көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе және шарттардың модификациясы қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір артуы орын алған-болмағанын анықтау салыстыру арқылы жүргізіледі:

- шарттың модифицирленген талаптары негізінде есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- шарттың бастапқы талаптары негізінде қаржылық активті бастапқы тану кезінде осы уақыт сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы.

Кредит шарттарын модификациялау оны тануды тоқтатуға әкеп соқтырса, жаңадан танылған кредит 1-кезеңге жатады (ол тану күніне кредиттік-құнсызданды болып табылмайтын жағдайда).

Компания қайтарылатын берешек сомасын барынша ұлғайту және дефолт тәуекелін азайту үшін қаржылық қиындықтарға тап болған («кредиттік келісімдер талаптарын қайта қарау тәжірибесі») клиенттердің кредиттері бойынша шарттарды қайта қарайды. Компанияның кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау жөніндегі саясатына сәйкес, егер дефолт оқиғасы орын алған немесе дефолт туындау тәуекелі жоғары болса, сондай-ақ борышкердің шарттың бастапқы талаптарына сәйкес төлемді жүзеге асыру үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсағанын және ол қайта қаралған талаптарда Топ алдындағы өз міндеттемелерін орындай алады деп күтілген жағдайда, талаптарды қайта қарау әрбір жеке алынған клиентке қатысты жүзеге асырылады.

Талаптарды қайта қарау, әдетте, өтеу мерзімін ұзартуды және пайыздарды төлеу мерзімдерін өзгертуді қамтиды.

Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау жөніндегі саясат шеңберінде модификацияланған қаржы активтері бойынша дефолттың ықтималдығын бағалау шарттардың модификациясы пайыздар мен негізгі соманы алу жөніндегі Компанияның мүмкіндіктерін жақсартуға немесе қалпына келтіруге алып келді ма, сондай-ақ кредиттік келісімдердің шарттарын осындай қайта қарауға қатысты Топтың бұрынғы тәжірибесін көрсетеді. Осы процесс шеңберінде Тарап қарыз алушының шарттың модификацияланған талаптарына қатысты борышқа қызмет көрсету сапасын бағалайды және түрлі мінез-құлық факторларын қарастырады.

Жалпы жағдайда, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау кредиттік тәуекелді едәуір арттырудың сапалы индикаторы болып табылады және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау ниеті кредиттік тәуекелге ұшырайтын позиция кредиттік-құнсызданған болып табылатындығының дәлелі болуы мүмкін. Клиент кредиттік тәуекелге ұшыраған позициядан бұрын белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тұрақты негізде төлемдерді уақтылы жүзеге асыру қажет болады, бұдан былай кредиттік-құнсызданған/ол бойынша дефолт оқиғасы болған немесе дефолт ықтималдығы төмендегені сонша болып есептелетін болады, шығындарға арналған бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең сомда қайта бағаланатын болады.

#### *Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау*

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалаудағы негізгі бастапқы деректер келесі айнымалылардың уақытша құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт жағдайында шығын мөлшері (LGD көрсеткіші);
- дефолт жағдайында тәуекелдің сомасы (EAD шамасы).

PD көрсеткіштерін бағалау кредиттік тәуекелге ұшыраған көрсеткіштерді белгілі бір күнге жүргізілген бағалауды білдіреді. Бұл бағалау сандық және сапалық факторларды қоса алғанда, Компанияда бар жинақталған деректерге негізделген. Компания қолдану мүмкіндігінше, PD көрсеткіштерін бағалау үшін нарықтық деректерді пайдаланады. Егер контрагенттің кредиттік сапасының рейтингі немесе кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция өзгерсе, онда бұл тиісті PD көрсеткіштерін бағалауда өзгерістерге әкеледі.

PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларды өтеудің шарттық мерзімдерін және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулерді ескере отырып бағаланады.

Компания LGD көрсеткіштерін өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген контрагенттерге қатысты талап-арыздар бойынша ақша қаражатын қайтару коэффициенттері туралы ақпарат негізінде бағалайды. LGD бағалау үлгілерінде құрылым, қамтамасыз ету түрі, талаптың жоғары дәрежесі, контрагент өз қызметін жүзеге асыратын сала және қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылатын кез келген қамтамасыз етуді өтеуге арналған шығындар ескерілген. LGD көрсеткіштері әртүрлі экономикалық сценарийлерді ескере отырып түзетіледі. Олар дисконттау факторы ретінде тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағындарының негізінде есептеледі.

Дефолт жағдайында тәуекелдің сомасы дефолт басталған күні кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді. Компания осы көрсеткішті амортизацияны қоса алғанда, шарттың талаптарына сәйкес осы шамада күтілетін өзгерістерді ескере отырып, есепті күнгі ағымдағы шаманы негізге ала отырып есептейді. Қаржылық актив үшін EAD шамасы жалпы баланстық құны болып табылады.

Қарыздар мен қаржылық кепілдік шарттарын беру жөніндегі міндеттемелер үшін EAD шамасы талап етілген соманы да, сондай-ақ бағасы тарихи байқаулар мен болжамдар негізінде жүргізілетін шарт бойынша талап етілуі мүмкін күтілетін соманы да қамтиды.

Жоғарыда сипатталғандай, олар бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай көтерілмеген қаржы активтері үшін PD ең көп 12 айлық көрсеткішін пайдаланған жағдайда, Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған шарт бойынша ең көп кезең ішінде дефолт тәуекелін ескере отырып (мерзімін ұзартуға арналған кез келген опциондарды қоса алғанда) күтілетін кредиттік шығындарды, тіпті егер тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін Компания неғұрлым ұзақ мерзімді қарастырса да бағалайды. Шарт бойынша ең жоғары кезең Компанияның берілген кредитті өтеуді талап етуге құқығы бар немесе қарыз беру бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді немесе қаржылық кепілдік шартын жоюға құқығы бар күнге дейін қолданылады.

Компанияда өткен кезеңдер бойынша жеткілікті көлемде ақпараты жоқ портфельдерге қатысты, қосымша ретінде, сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат қолданылады. Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бастапқы ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде берілген.

	2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат	
		PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
Ақша қаражаты және оның баламалары	10,654,679		
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	19,516,275	S&P дефолт статисти- касы	LGD Қазақстан ішіндегі позициялар үшін S&P / өтеу статистикасы дефолттық қаржы институттарынан бұрынғы өтеулерге негізделеді
Инвестициялық қаржы активтері	4,162,053		

### Кредиттік сапаны талдау

Келесі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, қаржы активтері бойынша кестеде сомалар жалпы баланстық құнның шамаларын көрсетеді.

«12 айлық күтілетін кредиттік шығындар», «бүкіл кезеңде күтілетін кредиттік шығындар» және «кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер» терминдерінің түсіндірмесі 3(д)(iv)-ескертпеде келтірілген.

мың теңге	2020 жылғы 31 желтоқсан		
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар	Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар	Барлығы
<i>Ақша қаражаты және оның баламалары</i>			
- BBB - ден BBB+дейінгі кредиттік рейтингімен	10,169,739	-	10,169,739
- BB-дан BB+ - ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	453,697	-	453,697
- рейтингі жоқ («Ситибанк Қазақстан» АҚ)	31,243	-	31,243
<b>Баланстық құны</b>	<b>10,654,679</b>	<b>-</b>	<b>10,654,679</b>

<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>			
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар	Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар	Барлығы
<b>мың теңге</b>			
<b>Ақша қаражаты және оның баламалары</b>			
- ВВВ - ден ВВВ+дейінгі кредиттік рейтингімен	107,788	-	107,788
- ВВ-дан ВВ+ - ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	22,356	-	22,356
- В-В+дейінгі кредиттік рейтингімен	633	-	633
- рейтингі жоқ («Ситибанк Қазақстан» АҚ)	62,219	-	62,219
<b>Баланстық құны</b>	<b>192,996</b>	<b>-</b>	<b>192,996</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>			
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар	Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар	Барлығы
<b>мың теңге</b>			
<b>Кредиттік институттардан алынатын сомалар</b>			
- ВВ-дан ВВ+ - ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	19,636,282	-	19,636,282
- D кредиттік рейтингімен	-	9,718,661	9,718,661
	<b>19,636,282</b>	<b>9,718,661</b>	<b>29,354,943</b>
Шығыстарға арналған бағалау резерві	(120,007)	(9,718,661)	(9,838,668)
<b>Баланстық құны</b>	<b>19,516,275</b>	<b>-</b>	<b>19,516,275</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>			
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар	Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар	Барлығы
<b>мың теңге</b>			
<b>Кредиттік институттардан алынатын сомалар</b>			
- ВВВ - ден ВВВ+дейінгі кредиттік рейтингімен	9,374,336	-	9,374,336
- D кредиттік рейтингімен	-	8,912,991	8,912,991
	<b>9,374,336</b>	<b>8,912,991</b>	<b>18,287,327</b>
Шығыстарға арналған бағалау резерві	-	(8,912,991)	(8,912,991)
<b>Баланстық құны</b>	<b>9,374,336</b>	<b>-</b>	<b>9,374,336</b>

	2019 жылы 31 желтоқсан	2019 жылы 31 желтоқсан
	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар	12 айлық күтілетін кредиттік шығындар
мың теңге		
<i>Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын инвестициялық қаржы активтері</i>		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері	-	3,136,787
ВВ - дан ВВ+дейінгі кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар	2,183,439	23,999,315
	<b>2,183,439</b>	<b>27,136,102</b>
Шығыстарға арналған бағалау резерві	(8,314)	(24,986)
<b>Жалпы баланстық құны</b>	<b>2,178,492</b>	<b>27,440,284</b>
<b>Баланстық құны</b>	<b>2,183,439</b>	<b>27,136,102</b>

	2019 жылы 31 желтоқсан	2019 жылы 31 желтоқсан
	РОСІ (бастапқы тану кезінде құнсызданған)	РОСІ (бастапқы тану кезінде құнсызданған)
мың теңге		
<i>Амортизацияланған құны бойынша бааланатын инвестициялық қаржы активтері</i>		
- В-В+дейінгі кредиттік рейтингімен	1,978,614	1,572,997
<b>Баланстық құны</b>	<b>1,978,614</b>	<b>1,572,997</b>

## 5 Тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Инвестициялық қаржы активтері	716,122	1,372,071
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	39,703	213,165
Ақша қаражаты және оның баламалары	18,495	114,572
	<b>774,320</b>	<b>1,699,808</b>

## 6 Персоналға арналған шығыстар

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Қызметкерлердің сыйақысы	418,459	346,719
Жалақы бойынша салықтар мен аударымдар	33,078	33,253
	<b>451,537</b>	<b>379,972</b>

## 7 Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Кәсіби қызметтер	160,451	124,695
Үшінші тараптардың өзге де қызметтері	95,892	57,261
Аутсорсинг	84,753	96,040
Операциялық жалдау шарттары бойынша шығыстар	78,224	78,246
Көлік қызметтері	13,000	14,794
Тозу және амортизация	8,096	6,804
Оқуға арналған шығыстар	3,526	17,847
Іссапар шығыстары	1,941	23,245
Қайырымдылық және демеушілік көмек	-	120,000
Басқа	16,947	32,642
	<b>462,830</b>	<b>571,574</b>

## 8 Табыс салығы бойынша шығыс

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	1,038,847	450,858
Өткен кезеңдерде төленбеген ағымдағы салық	437,027	-
Уақытша айырмалардың туындауы мен қалпына келтірілуі және бағалау резервінің өзгеруі салдарынан кейінге қалдырылған салық активтері/кейінге қалдырылған салық міндеттемелері шамасының өзгеруі	(381,495)	(66,318)
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыс</b>	<b>1,094,379</b>	<b>384,540</b>

2020 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% - ды құрайды (2019 жыл: 20%).

### 31 желтоқсанда аяқталған жылға табыс салығы бойынша тиімді мөшерлеменің есебі:

	2020 ж.		2019 ж.	
	мың теңге	%	мың теңге	%
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>3,626,714</b>	<b>100</b>	<b>3,741,578</b>	<b>100</b>
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	725,343	20	748,316	20
Бағалы қағаздардан алынатын шегерілмейтін шығыс	29,880	1	141,728	4
Оффшорлық компаниялардан түсетін кірістер	-	-	119,701	3
Басқа да шегерілмейтін шығыстар	1,293	-	65,116	2
Борыштық қаржы активтеріне қатысты құнсыздануды қалпына келтіруде салық салынбайтын кірістер	(3,537)	-	(121,025)	(4)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын еншілес ұйымдарға инвестициялардан салық салынбайтын кірістер	(95,627)	(3)	(569,296)	(15)
Өткен кезеңдерде төленбеген ағымдағы салық	437,027	12	-	-
	<b>1,094,379</b>	<b>30</b>	<b>384,540</b>	<b>10</b>

2019 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмашылықтар кейінге қалдырылған салық активтерінің туындауына алып келеді.

### Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері

2019 және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі уақытша айырмалар мөлшерінің өзгеруі келесі түрде берілуі мүмкін.

	2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілген	2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
2020 жыл мың теңге			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(174)	681	507
Өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер	1,961,250	369,350	2,330,600
Басқа да міндеттемелер	6,125	11,464	17,589
	<b>1,967,201</b>	<b>381,495</b>	<b>2,348,696</b>

<b>2019 жыл мың теңге</b>	<b>2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық</b>	<b>Кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілген</b>	<b>2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық</b>
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	66	(240)	(174)
Өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер	1,875,427	85,823	1,961,250
Басқа да міндеттемелер	25,390	(19,265)	6,125
	<b>1,900,883</b>	<b>66,318</b>	<b>1,967,201</b>

## **9 Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда/(шығын)**

	<b>2020 ж. мың теңге</b>	<b>2019 ж. мың теңге</b>
Бағамдық айырмалар әсерінен іск асырылмаған пайда/(шығын)	3,106,277	(441,805)
Бағамдық айырмалардан іске асырылған (шығын)/пайда	(11,095)	64,178
	<b>3,095,182</b>	<b>(377,627)</b>

## **10 Борыштық қаржы активтеріне қатысты құнсызданудан болған шығындарды (қалыптастыру)/қалпына келтіру**

Борыштық қаржы активтеріне қатысты құнсызданудан болатын шығындарды қалыптастыру кредиттік институттардан алынатын сомалар бойынша 34,357 мың теңге мөлшерінде күтілетін кредиттік залалдарға резервті қалпына келтірумен (2019 жылы: 533,546 мың теңге мөлшерінде резерв құру) және инвестициялық қаржы активтері бойынша 52,042 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарға резервті қалыптастырумен (2019 жылы: 71,579 мың теңге мөлшерінде резервті қалпына келтіру) ұсынылды.

## **11 Ақша қаражаты және оның баламалары**

	<b>2020 ж. мың теңге</b>	<b>2019 ж. мың теңге</b>
<b>Басқа банктердегі ағымдағы шоттар</b>		
- ВВВ-дан ВВВ+дейінгі кредиттік рейтингімен	10,169,739	107,788
- ВВ-дан ВВ+ - ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	453,697	22,356
- В-В+дейінгі кредиттік рейтингімен	-	633
- рейтингі жоқ («Ситибанк Қазақстан» АҚ)	31,243	62,219
	<b>10,654,679</b>	<b>192,996</b>

Көрсетілген рейтингтер «Standard and Poor 's» агенттігінің рейтингтік шкаласы негізінде немесе баламалы кредиттік рейтингтер негізінде берілген. Ақша қаражаты мен оның баламаларының ешқандай тараулары мерзімі өткен болып табылмайды.



## 12 Кредиттік институттардан алынатын сомалар

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
- BBB-дан BBB+дейінгі кредиттік рейтингімен	-	9,374,336
- BB-дан BB+дейінгі кредиттік рейтингімен	19,636,281	-
- D кредиттік рейтингімен	9,718,661	8,912,991
<b>Кредиттік институттардан алынатын барлық сома</b>	<b>29,354,942</b>	<b>18,287,327</b>
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві	(9,838,667)	(8,912,991)
<b>Күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін шегергендегі кредиттік институттардан алынатын сомалар</b>	<b>19,516,275</b>	<b>9,374,336</b>

Көрсетілген рейтингтер «Standard and Poor 's» агенттігінің рейтингтік шкаласы негізінде немесе баламалы кредиттік рейтингтер негізінде берілген.

### Күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервінің қозғалысы

Келесі кестеде кредиттік институттардан алынатын сомалар бойынша кезең басындағы және соңындағы шығындарға бағалау резервінің қалдықтарын салыстырып тексеру келтірілген:

	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	12 айлық күтілетін шығындар	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін шығындар	Жиыны мың теңге
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	-	8,912,991	8,912,991
Шығындар бойынша бағалау резервінің таза өзгеруі	123,607	(89,250)	34,357
Бағамдық айырым	(3,601)	894,920	891,319
<b>Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо</b>	<b>120,006</b>	<b>9,718,661</b>	<b>9,838,667</b>

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	12 айлық күтілетін шығындар	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін шығындар	Жиыны мың теңге
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	97,625	9,387,860	9,485,485
Шығындар бойынша бағалау резервінің таза өзгеруі	(97,625)	(435,921)	(533,546)
Бағамдық айырым	-	(38,948)	(38,948)
<b>Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо</b>	<b>-</b>	<b>8,912,991</b>	<b>8,912,991</b>

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Қазинвестбанк» АҚ-на тиесілі 5,090,756 мың теңге сома, «Delta Bank» АҚ-дан 4,627,905 мың теңге сома (2019 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 4,706,415 мың теңге, 4,206,576 мың теңге сомасында) кредиттік-құнсызданған қаражатты қарастырады, осы қалдықтарға қатысты Топ жалпы сомасы 9,718,661 мың теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 8,912,991 мың теңге) болатын бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті таниды.

### 13 Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын еншілес ұйымдарға салынатын инвестициялар

	2020 ж. мың теңге	Иелену үлесі, %	2019 ж. мың теңге	Иелену үлесі, %
Kazyna Seriktes B.V. ***	69,112,447	100.0	65,762,360	100.0
«Baiterek Venture Fund» АҚ	46,516,629	100.0	42,203,737	100.0
«BV Management» ЖШС	158,592	100.0	141,596	100.0
	<b>115,787,668</b>		<b>108,107,693</b>	

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Kazyna Seriktes B. V. активтері негізінен келесі инвестициялық қорларға белгіленбеген үлестік инвестициялармен ұсынылды:

	2020 ж. мың теңге	Иелену үлесі, %	2019 ж. мың теңге	Иелену үлесі, %
<b>Справедливая стоимость некотирующихся долевых инвестиций в инвестиционные фонды</b>				
Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.	23,784,515	95.2	20,003,556	95.2
CITIC-KAZYNA Investment L.P.	12,765,537	49.9	14,129,220	49.9
KCM Sustainable Development Fund I*	16,170,202	100.0	8,215,796	-
Kazakhstan Growth Fund L.P.	7,410,835	49.5	11,845,214	49.5
ADM KCRF L.P.	3,604,038	49.5	4,989,676	49.5
VTB Capital 12bf инновациялық қоры L. P. (бұрынғы Russia-Kazakhstan Fund of Nanotechnologies)	1,664,348	49.0	1,850,814	49.0
Wolfenson Capital Partners L.P.	1,429,084	9.9	1,701,273	9.9
MRIF CASP C.V.	587,741	9.1	787,492	9.1
Falah Growth Fund L.P.	346,719	10.0	666,512	10.0
DBK Equity Fund	591,572	3.0	590,633	3.0
Islamic Infrastructure Fund Limited Partnership	39,204	1.3	339,785	1.3
	<b>68,393,795</b>		<b>65,119,971</b>	

\* еншілес ұйымға пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестиция.

2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы дивидендтік кірістер келесі инвестициялардан алынған кірістерді қамтиды:

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Kazyna Seriktes B.V. ***	2,639,555	3,027,013
«BV Management» ЖШС	43,294	9,621
	<b>2,682,849</b>	<b>3,036,634</b>

#### *Инвестициялық кәсіпорын мәртебесін жоғалту*

2019 жылы компания жеңілдікті қаржыландырудың жаңа бағдарламасын іске қосты, оның шеңберінде Компанияның еншілес ұйымдары арқылы номиналды пайыздық мөлшерлемесі жылдық 8% - ға дейін және өтеу мерзімі 10 жылға дейін қарыздар беру жүзеге асырылады. Бекітілген бағдарламаға байланысты Компания инвестициялық саясатқа өзгерістер енгізді, оған сәйкес Компания экономиканың басым секторларын дамытуға ықпал ететін жобаларға инвестиция салады (1-ескертпе). Осылайша, Компания 10 ХҚЕС (IFRS) сәйкес инвестициялық кәсіпорынның анықтамасына сәйкес келуді тоқтатты.

**Венчурлік инвестицияларға маманданған ұйым**

Компания қызметінің негізгі түрі капитал құнының өсімінен табыс және пайда алу мақсатында инвестициялау болып табылады. Компания өзінің әрбір инвестициясына қатысты шығу стратегиясы бар. Компанияның инвестициялық қызметі оның еншілес ұйымдары арқылы жүзеге асырылады. Компанияда инвестициялық қызметке қатысты бақылау мен есептіліктің белгіленген жүйесі бар. Сондай-ақ Топта инвестициялық департамент және тәуекелдерді басқару департаменті жұмыс істейді, оның функцияларына Топтың инвестициялық қызметін басқару, сондай-ақ Топ басшылығына және Директорлар кеңесіне есептілік ұсыну функциясы кіреді. Сонымен қоса, Компанияның еншілес ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын инвестиция объектілері дербес бизнес-білім беру болып табылады, олардың операциялық қызметіне Компания шектеулі түрде қатысады, Инвестициялар объектілеріне бақылау жасамайды. Осылайша, Компания венчурлық инвестицияларға мамандандырылған ұйымның анықтамасына сәйкес келеді деп санайды.

**14 Инвестициялық қаржы активтері**

	2020 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2019 жылғы 31 желтоқсан теңге
<b>Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялық борыштық құралдар</b>		
- Мемлекеттік облигациялар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері	-	3,136,787
<b>Барлық мемлекеттік облигациялар</b>	-	<b>3,136,787</b>
- Корпоративтік облигациялар		
BB - дан BB+ - ға дейінгі кредиттік рейтингі бар	-	10,336,750
<b>Барлық корпоративтік облигациялар</b>	-	<b>10,336,750</b>
- банктердің корпоративтік облигациялары		
BB - дан BB+дейінгі кредиттік рейтингі бар	2,183,439	13,662,565
<b>Банктердің барлық корпоративтік облигациялары</b>	<b>2,183,439</b>	<b>13,662,565</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялық борыштық құралдардың жиыны</b>	<b>2,183,439</b>	<b>27,136,102</b>
	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан мың теңге</b>	<b>2019 жылғы 31 желтоқсан мың теңге</b>
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржы активтері (РОСІ-активтер)</b>		
First Heartland Jusan Bank «АҚ (бұрын – «Цеснабанк» АҚ) облигациялары)	1,978,614	1,572,997
<b>Облигациялар жиыны</b>	<b>1,978,614</b>	<b>1,572,997</b>
<b>Инвестициялық активтер жиыны</b>	<b>4,162,053</b>	<b>28,709,099</b>

**15 Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер**

	2020 ж. мың теңге	2019 ж. мың теңге
Туынды қаржы құралдары	12,145,034	10,298,284
	<b>12,145,034</b>	<b>10,298,284</b>

2015 жылы Компания Қазақстанның Даму Банкімен валюталық своп шартын жасасты, өтеу мерзімі - 2022 жылы, ол шарт бойынша Компания 9,382,500 мың теңгеге орнына 50,000 мың АҚШ доллар өтеуі тиіс. Компания жылына 8.7% мөлшерлемен есептелген сыйақы бойынша алдын ала төлем алды, ол 816,278 мың теңгені құрады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 шілдедегі №8/20 шешімімен Қазақстанның Даму Банкімен валюталық своп шартты 24 айға дейінгі мерзімге ұзарту бойынша мәміле жасалды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы своптың әділ құны 12,145,034 мың теңгені құрайды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 10,298,284 мың теңге).

Своптың әділ құнын анықтау үшін 2020 жылы басшылық нарықтық деректер бойынша ақпарат негізінде теңгедегі ақша ағыны үшін 10.82%-ды және АҚШ долларындағы ақша ағыны үшін 1.67%-ды (2019 жылы: теңгемен ақша ағыны үшін 9.64% және АҚШ долларымен ақша ағыны үшін 1.75%) пайдаланды. Своптың әділ құны әділ құн иерархиясының 2-деңгейіне қатысты.

## 16 Акционерлік капитал және резервтер

### (а) Шығарылған капитал

	Жай акциялар			
	Акциялар саны		Құны, мың теңге	
	2020 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2019 жыл
1 қаңтардағы жағдай бойынша шығарылғандары	53,550,000	53,550,000	87,440,000	87,440,000
<b>31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылғандары, толық төленгендері</b>	<b>53,550,000</b>	<b>53,550,000</b>	<b>87,440,000</b>	<b>87,440,000</b>

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталға 55,000,000 жай акция кіреді (2019 жыл: 55,000,000). Шығарылған және төленген акционерлік капитал 53,550,000 жай акциядан тұрады (2019 жыл: 53,550,000). Акцияның номиналды құны болмайды.

Жай акциялардың жарияланған кезде оның иелері дивидендтер алуға құқылы, сондай-ақ Компания акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында акцияға бір дауыс беру құқығына ие

### (б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлерінің компания резервтерін бөлу құқығы ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған компанияның жеке қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен немесе жинақталған залал жағдайында, егер таза кірісті бөлу компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқпаса немесе егер компанияның меншікті капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болса, ағымдағы жылғы таза пайданың сомасымен шектеледі. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есепті күнгі жағдай бойынша бөлуге қолжетімді қаражаттың жалпы көлемі 53,871,387 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 52,434,380 мың теңге).

2020 жылы Топ 2019 қаржы жылы үшін 1,095,395 мың теңге сомасында дивидендтер жариялады және бөлді, бұнда бір жай акция 20.5 теңгені құрады (2019 жыл: 1,102,490 мың теңге, бұнда бір жай акция 20.6 теңгені құрады).

## 17 Қаржы құралдарының тәуекелдерін басқару

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінің негізінде жатыр және Компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Компания өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

**(а) Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері**

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тиісті тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің және пайда болатын үздік тәжірибенің өзгеруін көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта каралады

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты болады. Басқарма мониторинг жүргізуге және тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды енгізуге жауапты болады, сондай-ақ Компанияның белгіленген тәуекелдер шегінде қызметті жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекелдер қызметі басшысының міндетіне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептерді анықтау, бағалау, басқару және жасау бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Ол тікелей Басқарма төрағасына және қосымша Директорлар кеңесіне есеп береді.

Сыртқы және ішкі тәуекел факторлары ұйым ішінде анықталады және басқарылады.

**(б) Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы ставкаларының өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалар мен валюталардың айырбас бағамдарының құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне әсер ететін қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге бейімділік қолайлы параметрлер шегінен шықпауы үшін, бұл ретте қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, басқару және бақылау болып табылады.

**(і) Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі**

Нарықтық тәуекел - бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе алдағы ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания басым нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағынына ауытқуының ықпалына ұшыраған. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі немесе сыйақы ставкасы күтпеген жағдайда шығындардың туындауына әкелуі мүмкін.

Келесі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер көрсетілген.

**Орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер**

Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге жуық кірістілікті көрсетеді.

	2020 жыл		2019 жыл	
	Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі, %		Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі, %	
	Тенге	АҚШ доллары	Тенге	АҚШ доллары
<b>Пайыздық активтер</b>				
Ақша қаражаты және оның баламалары	7.0	0.2	7.3	1.0
Кредиттік ұйымдардан алынатын сомалар	8.5	2.51	-	1.7
Инвестициялық қаржы активтері	18.0	7.3	18.0	5.8

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан болған инвестициялық қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістеріне таза пайданың немесе шығынның және капиталдың сезімталдығын талдау (2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялар және пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту немесе азайту жағына кірістілік қисықтарын 100 базистік пунктке параллель жылжытудың оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) былайша ұсынылуы мүмкін.

	2020 жыл		2019 жыл	
	Пайда немесе шығын мың теңге	Меншікті капитал мың теңге	Пайда немесе шығын мың теңге	Меншікті капитал мың теңге
Мөлшерлемелерді азайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжыту	-	137,383	-	438,735
Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжыту	-	(133,896)	-	(521,410)

**(ii) Валюталық тәуекел**

Компанияда активтер мен бірнеше шетел валютасында көрсетілген міндеттемелер бар. Нарықтық тәуекел - бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құнының немесе болашақ ағынының өзгеру тәуекелі.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюта бөлігіндегі құрылымы былайша ұсынылуы мүмкін:

	АҚШ доллары мың теңге	Теңге мың теңге	Барлығы мың теңге
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	10,635,360	19,319	10,654,679
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	19,008,167	508,108	19,516,275
Инвестициялық қаржы активтері	2,183,439	1,978,614	4,162,053
Басқа қаржы активтері	-	18,759	18,759
<b>Барлық қаржы активтері</b>	<b>31,826,966</b>	<b>2,524,800</b>	<b>34,351,766</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Туынды қаржы құралдары	-	(482,034)	(482,034)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	(62,655)	(62,655)
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>-</b>	<b>(544,689)</b>	<b>(544,689)</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>31,826,966</b>	<b>1,980,111</b>	<b>33,807,077</b>
Туынды қаржы құралдары	(21,045,500)	9,382,500	(11,663,000)
<b>Туынды қаржы құралдарын шегергендегі таза позиция</b>	<b>10,781,466</b>	<b>11,362,611</b>	<b>22,144,077</b>

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюта бөлігіндегі құрылымы былайша ұсынылуы мүмкін:

	<b>АҚШ</b>		
	<b>доллары</b>	<b>Тенге</b>	<b>Барлығы</b>
	<b>мың теңге</b>	<b>мың теңге</b>	<b>мың теңге</b>
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	56,351	136,645	192,996
Кредиттік институттардан алынатын сомалар	9,374,336	-	9,374,336
Инвестициялық қаржы активтері	27,136,102	1,572,997	28,709,099
Басқа қаржы активтері	-	33,901	33,901
<b>Барлық қаржы активтері</b>	<b>36,566,789</b>	<b>1,743,543</b>	<b>38,310,332</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Туынды қаржы құралдары	-	(551,284)	(551,284)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	(40,409)	(40,409)
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>-</b>	<b>(591,693)</b>	<b>(591,693)</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>36,566,789</b>	<b>1,151,850</b>	<b>37,718,639</b>
Туынды қаржы құралдары	(19,129,500)	9,382,500	(9,747,000)
<b>Туынды қаржы құралдарын шегергендегі таза позиция</b>	<b>17,437,289</b>	<b>10,534,350</b>	<b>27,971,639</b>

Келесі кестеде көрсетілгендей теңгенің төмендеуі келесі валюталарға қатысты 2020 жылдың 31 желтоқсаны мен 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншікті капитал мен пайданың немесе шығынның өсуіне себепші болар еді. Бұл талдау салық сомасы шегеріле отырып берілген және Топ есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді болуы мүмкін деп қараған валюталардың айырбастау бағамдарының ауытқуларына негізделген. Талдау жүргізу кезінде барлық қалған айнымалылар, оның ішінде сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады деп болжалды.

	<b>2020 ж.</b>	<b>2019 ж.</b>
	<b>мың теңге</b>	<b>мың теңге</b>
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 20%-ға өсуі	1,725,035	2,789,966

Бұрын аударылған валюталарға қатысты теңге бағамының өсуі 2020 және 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша егер барлық басқа айнымалылар өзгеріссіз қалса, кері әсер етуі мүмкін.

**(в) Басқа да баға тәуекелдері**

Өзге де баға тәуекелдері-осындай өзгерістердің осы нақты құралға немесе оның эмитентіне тән факторлардан немесе нарықта айналыстағы барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторлардан туындағанына қарамастан, нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде (сыйақы мөлшерлемесінің немесе валюталық тәуекел мөлшерлемесінің өзгеруі тәуекелінің әсер етуі нәтижесінде туындаған өзгерістерден басқа) қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының ауытқу тәуекелдері.

Компанияда басқа да баға тәуекелдері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын компанияның еншілес ұйымдарға инвестицияларына байланысты туындайды. Компания еншілес ұйымдарға инвестициялар салу арқылы ұзақ мерзімді перспективада олардың өсуінен пайда алу үшін инвестициялық қорлардың акцияларын қоса алғанда, үлестік қаржы активтеріне инвестиция салады. Барлық инвестициялар капиталды жоғалту қаупін тудырады. Тікелей инвестициялардың барлық қорлары және оларға тиісті инвестициялар көрсетілген инвестициялар салынатын экономика салаларына тән тәуекелдерге ұшырайды. Сонымен қатар, бұл инвестициялар үшін белгіленген нарықтар жоқ, сондықтан олар өтімді емес болып саналады.

